bilimger.kz

Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:*
***KZ45VPY00102718***

2023

**БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА**

# Үштілді білу – үлкен өнер

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
| --- | --- |
| 27.08.2023 | https://bilimger.kz/142843/ |

***Алматы қаласы Алмалы ауданы КММ  «№34 Гимназия»***
***қазақ тілі мен әдебиеті  пәнінің мұғалімі***
***Абыханов Жарас Рабхатович***

**Сабақтың  тақырыбы: «Үштілді білу – үлкен өнер»**

Құндылық: Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы.

Қысқа мерзімді сабақ жоспары

<table>
<tr><td colspan="2">САБАҚ:1-бөлім. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілін оқып –үйренеміз. Үштілді білу –үлкен өнер.<br>10-бөлімше. Жазу тарихы</td><td colspan="2">Мектеп:«№34 гимназия» КММ</td></tr>
<tr><td colspan="2">Күні:</td><td colspan="2">Мұғалімнің аты-жөні: Абыханов Жарас Рабхатович</td></tr>
<tr><td colspan="2">Сынып:7-сынып (Т2) – $A_{2+}$</td><td>Қатысқандар: 15</td><td>Қатыспағандар:0</td></tr>
<tr><td>Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары</td><td colspan="3">кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер түрінде берілген ақпаратты түсіну, қолдана білу (О1);<br>ауызша мәтіндер құрауда екпін түрлерін  сөз және сөйлем ішінде орынды қолданып айту  (А3)</td></tr>
<tr><td rowspan="3">Сабақ мақсаттары<br><br>(Бағалау критерийі)</td><td colspan="3">Барлық оқушылар орындай алады: жаңа сөздерді меңгеру. Берілген тірек сөздерді түсінеді.Екпін түрін қолдана алады.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Оқушылардың көпшілігі орындай алады:сұраққа жауап бере алады.Топтықжұмыстардыорындайалады.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Кейбірқушылароорындайалады:  ақпаратты түсініп, ойды анықтай алады. Ауызша сөз және сөйлемді орынды қолдана алады.</td></tr>
<tr><td rowspan="10">Тілдікмақсат</td><td colspan="3">Оқушылароорындайалады:<br>·       Жаңа сөздердің мағынасын түсіне алады, оқылым және айтылым дағдыларын қолдана алады.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Пәнгеқатыстысөздікқорментерминдер:</td></tr>
<tr><td colspan="3">Пиктография, идеография, руна, төте жазу, финики, арамай.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Диалог құруға / шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер:<br>Ұлттықәліпби, түркіжазба, әріпжазуы,жазужүйесі,<br><br>·     Discuss the chart that is created. Which is the most popular fruit choice? How do we know?<br>·     Has every learner’s choice been recorded? How can we check?<br>·     Ask learners if they can think of other questions that we might have investigated. If ideas are not forthcoming, ‘lead’ the discussion by suggesting – what else could we have put in the basket? What other things could we try, to see if people have favourites? What other questions could we have asked about our fruit basket?<br>·     Take ideas and ask – What do you think the result might be? What would the pictogram look like?</td></tr>
<tr><td colspan="3">Талқылауғаарналғансұрақтар:</td></tr>
<tr><td colspan="3">Жазу тарихы дегеніміз не екен?<br>Жазу түрлері қандай?<br>Осы күнге дейін жазудың қандай түрлерін қолдандық?</td></tr>
<tr><td colspan="3">Несебепті …. депойлайсыз?</td></tr>
<tr><td colspan="3">Жазу тарихындағы өзгерістер, қазақ алфавитінің өзгеруінің пайдасы неде?</td></tr>
<tr><td colspan="3">ишара:</td></tr>
<tr><td colspan="3">Суреттер арқылы сөйлейді, құрастырады, мәтінді толық игереді.</td></tr>
<tr><td>Алдыңғы оқу:</td><td colspan="3">«Ана тілін ардақтайық»  (О6; Ж4);</td></tr>
<tr><td colspan="4">Жоспар</td></tr>
<tr><td>Жоспарлан<br>ған уақыт</td><td colspan="2">Жоспарланған жаттығу түрлері</td><td>Ресурстар</td></tr>
</table>

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

<table>
<tr>
<td>Басы<br><br>Уәждеу және жаңа тақырыпты жариялау, өткен сабақты бекіту<br><br>13 мин</td>
<td>
ҰБүкіл сыныпқа арналған мақсатты қою үшін<br>
«Көңіл-күйді анықтау»көтеріңкі көңіл-күй туғызу арқылы бір-бірімізге тілектер  айтамыз.<br><br>
<table>
<tr><th>Бағалау критерийі</th><th>Ойлау дағдыларының деңгейлері</th></tr>
<tr><td>—        алдыңғы тақырыптағы сөздерді еске түсіріп, сол туралы ойын анық жеткізе алады</td><td>жинақтау<br><br>тұжырымдау</td></tr>
</table>
<br>
Мәтіналды кезең<br>
ЖӨз бетінше тұжырымдап, нақтылау  мақсатында қолданамын.<br>
Алдыңғы сабақ тақырыбын еске түсіру мақсатында  «Лотерея барабаны» әдісін қолданады.<br>
Сөз үлгілері: ана тілі, құрметтеу, сөйлесеміз, мәртебе, ұлттық, қасиет...<br>
Дискриптарлар<br>
1.Алдыңғы оқудағы мәтіннің сөздерін оқиды, айтады<br>
2.Сөйлемдерді дұрыс құрастырады<br><br>
Қалыптастырушы бағалау:«БББ» әдісі бойынша оқушыөзін-өзі бағалайды.<br><br>
<table>
<tr><th>Білдім</th><th>Білемін</th><th>Білгім келеді</th></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
<br>
Кері байланыс: «Екі жұлдыз, бір тілек» арқылы кері байланыс жасайды.<br>
Т (топтық жұмыстардың орындалу  барысын бақылайды). Бірлесіп мәселелерді шешу жолдарын қолданамын.<br>
Оқушылар суреттерді көріп «Болжау» әдісін қолданады. Нәтижесі: Суреттер арқылы бүгінгі сабақтың  тақырыбын ашу мақсатында қолдандым<br><br>
<table>
<tr><th>Бағалау критерийлері</th><th>Ойлау дағдыларының деңгейлері</th></tr>
<tr><td>-суреттерді құрастыра алады;<br>-тақырыпқа болжау жасай алады;<br>-сұрақтарға жауап бере алады</td><td>түсіну<br>қолдану</td></tr>
</table>
<br>
Тақырыбымыз жазу тарихы болғандықтан,  суреттердің қиындыларын пазл арқылы құрастырады 3 топқа бөлінеді. (Пиктографиялық жазу, Идеографиялық жазу, Дыбыстық жазу).<br><br>
Осы сұрақ арқылы оқушының көзқарасын білдіре алады және білгендерін нақтылай түсуге болады.<br>
—        Суретте не бейнеленген?<br>
...............................................................................<br>
—        Неге ұқсас?<br>
...............................................................................<br>
—        Қандай әріптер?<br>
...............................................................................<br>
—        Ол нені білдіреді?<br>
...........................................................................<br>
Дескрипторлар<br>
1.     Суретті жинайды.<br>
2.     Сұраққа нақты жауап береді.<br><br>
Қалыптастырушы бағалау:«Ойлан-жұптас-бөліс» әдісі берілген тапсырма бойынша әрбір оқушы жекежұмыс жасау арқылы ойын қорытып,жұп  ішінде бірін-бірібағалайды.<br><br>
Кері байланыс: Тақырыпқа болжай жасап, таба алдыңдар дегенмен, сұраққа толық әрі нақты жауап беру қажет.
</td>
<td>Оқу мақсаттары тақтада</td>
</tr>
</table>

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

Ортасы

Жаңа материалды игеру

23 мин

**Ж**Оқушының өз бетінше мәтінді оқып, меңгеруін қадағалау
**Мағынаны тану.** Оқушылар берілген мәтіндерді алады. Мәтінмен **«Үнсіз оқу»әдісін** жазу тарихын толық қамту, білмегендерін білу.
**Жазу тарихы**
Қазақ тілінің жазу тарихында әліпби жүйесі бірнеше тарихи кезеңдерді басынан өткізіп, ұлттық әліпби деңгейіне жеткен.Пиктографиялық жазу – жазудың ең көне түрі. Зерттеушілер жазудың бұл түрі неолит дәуірінде пайда болған деп есептейді.
Идеографиялық жазу — жекелеген сөздерді, морфемаларды сурет немесе шартты таңбалар арқылы белгілейді.
Дыбыстық жазу (әріп жазуы) – жазудың дамып жетілген түрі, тіл дыбыстарын, фонемаларды әріппен таңбалайтын жазу жүйесі. Дыбыстық жазулардың ең көне түрлері – финикий, арамей және грек жазулары. Көне түркі жазуы да дыбыстық жазудың ең ежелгі түріне жатады. Қазақ халқының жазу тарихы көне түркі жазуынан басталған. Түркі жазуында дауысты, дауыссыз дыбыстардың әрпі болған, кейбір әріптер екі дауыссыз дыбысты белгілеген. Әріптер жуан, жіңішке дыбыстарды ажыратқан. Әріптер белгілі жүйеде қолданылған. Түркі халықтары, оның ішінде қазақ халқы кейін мұсылман дінінің таралуымен бірге келген араб әліпбиін ұзақ уақыт қолданды. . Қазақ тіліндегі дыбыстар жүйесін арнайы зерттеп, әліпби құрастырған қазақтың алғашқы фонологі – Ахмет Байтұрсынұлы. 1926 жылы Ахмет Байтұрсынұлы араб әліпбиін қазақ тілінің ерекшеліктеріне сәйкес жеңілдетіп, "төте жазу" әліпбиін жасады. 1929 жылдан бастап 1940 жылға дейін қазақ халқы латын әліпбиінде жазып келіп, кейін кириллицаға көшті. Қазіргі түркі мемлекеттерінің көпшілігінде латын әліпбиіне негізделген жазуға көшу үрдісі қайтадан бел алып келеді.

| Бағалау критерийі | Ойлау дағдыларының деңгейлері |
|---|---|
| — ақпаратты түсіне алады;<br>— жаңа сөздерді түсініп, қолдана алады. | білу<br><br>түсіну |

**Ж** Жеке сөздіктер, онда оқушылар өздері танысқан жаңа сөздерді жазып, меңгеру үшін қолдану.
Көне заман –давние времена Дыбыстар жүйесі – система звуков Төте жазу –облегченный алфавит (А.Байтұрсынов)
Лексикалық шұбарлық -лексические вкрапления Ғұлама — ученый
Шартты таңба -условные знаки **Дескрипторлар**1.Жаңа сөздердің мағыналарын түсінеді. 2.Орфоэпиялық нормаға сәйкес дыбыстайды.**Қалыптастырушы бағалау**: оқушыларды мұғалім бағалайды.
**Кері байланыс**: **«Жұмбақ сөздер» әдісін** қолдана отырып, оқушыларға сөз тіркестерін айтады.

| Бағалау критерийі | Ойлау дағдыларының деңгейлері |
|---|---|
| — мәтіннің стилін, идеясын, терминдерін анықтайды;<br>— ұсынылған тақырып бойынша диаграмма немесе кесте жасай алады;<br>— ойын нақты жеткізеді; | білу түсіну қолдану талдау |

**Т**Оқушылар топпен жұмыстары бойынша есеп беру мүмкіндіктерін пайдалану.
**Оқылым тапсырмалары:**
***«Жеті қадам» әдісі*** арқылы жүзеге асырылады.Мәтінді толық жан-жақты меңгеріп, негізгі мағлұматты алу мақсатында қолдандым.
1. Мәтінді оқыңыз
2. Мәтіннің түрін, стилін анықтаңыз
3. Мәтіндегі негізгі идеяны анықтаңыз
4. Маңызды 5 ақпаратты анықтаңыз
5. Мәтінде берілген терминдерді анықтаңыз.
6. Мәтін бойынша өз пікіріңізді білдіріңіз
7. Мәтіндегі статистикалық мәліметтер бойынша кесте немесе диаграмма кесте, сызба, шартты белгілер түрінде
постер жасайды.

| Пиктографиялық | Идеографиялық | Дыбыстық |
|---|---|---|
| | | |

**Дескрипторлар**
1. Мәліметтерді жинақтады, негізгі ақпараттарды сараптады
2. Жоспар бойынша әңгімеледі.
3. Сағат тілі бойынша әр топтан бір оқушыдан шығып түсіндірді, бірін-бірі тыңдады, пікір алмасты.

**Қалыптастырушы бағалау**:мәтінді жетік меңгеру мақсатында қолдандым. **«Пікір алмасу» әдісін** қолдана отырып, әр топ 5 сұрақтан дайындап, бір-біріне қояды. Топтық нәтижесі топтардың бірін-бірі бағалауын ұйымдастырады.
**Кері байланыс:**Жалпы жауап дұрыс, кестені басқаша қалай жасауға болады? Ендеше бізде қандай тұстары болды олжа ма, әттеген-ай ма?
**Олжа**
**әттегене –ай!**

**ТКүрделі идеялар туралы түсінік қалыптастыру.**
Содан соң топпен оқыған мәліметтері бойынша
**«Хикая картасы» әдісін**қолданады. Суреттер мен кезеңдерді, сөйлемдерді рет-ретімен қояды. Жазу тарихының кезеңін нақты білу мақсатында қолдандым.

| Бағалау критерийі | Ойлау дағдыларының деңгейлері |
|---|---|
| — оқушылар сызбаға суреттер мен негізгі сөйлемдерді орналастыра алады;<br>— ауызша мәтіндерді құрауда екпін түрлерін сөйлемде орынды қолданады. | қолдану<br><br>жинақтау<br><br>талқылау |

| Оқиға мән жайы жәнесурет |
|---|

| Оқиға мән жайы және сурет |
|---|

| Оқиға мән жайы және сурет |
|---|

| Оқиға мән жайы және сурет |
|---|

| Оқиға мән жай және сурет |
|---|

Оқушылар дауыс беру арқылы бағалайды, яғни әр топ ұнаған топтың нөмірін жазып, мұғалімге береді. Мұғалім қорытындысын айтады.

**Дескрипторлар**
1. Суреттерді уақытымен қояды;
2. Оқиға мән-жайын, құрылымын анықтайды.
**ТҚалыптастырушы бағалау:** «Бас бармақ» әдісі арқылы топ бір-бірін бағалайды.

**Кері байланыс:** Суреттер мен сөздер картаға дұрыс салынды, жарайсыңдар!

https://kk.wikipedia.org/wiki/Жазу

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

<table>
<tr>
<td>Соңы<br><br>Бағалау мен сабақты қортындылау<br><br>9 мин</td>
<td colspan="7">
<table>
<tr><td>Бағалау критерийі</td><td>Ойлау дағдыларының деңгейлері</td></tr>
<tr><td>-оқушылар сұрақты тиімді құрастыра алады;<br>— анық әрі нақты жауап береді.</td><td>түсіну<br>жинақтау<br>бағалау</td></tr>
</table>
<br>
ЖТұжырым жасау және оның дұрыстығын дәлелдеу.<br>
Жаңа сабақты қорытындылай келе, «Ыстық орындық» әдісін қолданамын. Топ ішінен бір оқушы алға шығып өз пікірін айтып және тақырып бойынша сұрақтарға ыстық орындыққа отырып жауап береді. Сұрақты анағұрлым мазмұнды қылу үшін, оқушылар белгілі бір  пікір бойынша бірлесіп алға шығып сөйлей алады.  Нәтижесі: оқушының бүгінгі тақырып бойынша ақпаратты түсінген түсінбегендерін біліп, пысықтау тапсырма арқылы сабақты қорытындылау мақсатында қолдандым.<br>
Дескрипторлар<br>
1. Мағлұматты жинақтап береді.<br>
2. Бүгінгі сабақта алған білімін айтады.<br>
Қалыптастырушы бағалау: Оқушылардың сұраққа жауап беруіне байланысты мұғалім бағалайды.<br>
Ж  Оқушылардың өзін-өзі  бағалауын ынталандырып,  өзін-өзі  бағалау парақшаларын қолдану.<br>
Кері байланыс: Оқушы сабақтың толық меңгерген, меңгермегендігін білу мақсатында қолданады.<br>
«Аяқталмаған сөйлемдер» әдісі.<br>
«Бүгін  мен_______________білдім»<br>
«________________________қызықты болды» «________________________қиын болды»<br>
« ________________________екенін түсіндім»<br>
«Мен_____________________ сезіндім»<br>
«Мен_____________________дағдыландым» «_________________________________мені таң қалдырды.
</td>
<td>Талқылау тәсілдерінің жинағы</td>
</tr>
<tr><td colspan="9">Қосымша ақпарат</td></tr>
<tr>
<td colspan="4">Саралау – оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілетті оқушыға тапсырманы қалай түрлендіресіз?</td>
<td colspan="2">Бағалау – оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз?</td>
<td colspan="3">Пәнаралық байланыс –Денсаулық және қауіпсіздік, АКТ-мен байланыс. Құндылықтармен байланыс (тәрбие элементі).</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="4">· Тапсырмалар оқушылардың  деңгейіне байланысты саралап берілді.</td>
<td colspan="2">· Оқушылардың сабаққа қызығушылығы мен ынтасына, тапсырмаларға ат салысуына байланысты, бағалау критерийлері және оқушылар бір-бірі, топтық, өзін-өзі  бағалауы бойынша бағалаймын. Ең бастысы оқушының қызығушылына қарай отырып, бағалаймын.</td>
<td colspan="3">· Пәнаралық байланыс: әдебиет, тарих, география.  АКТ ны қолдану арқылы оқушыларға көрсетіледі. «Жазу тарихы» тақырыбын жан жақты зерттеу барысында оқушыларға тиімді мәліметтер берілді. АКТ қолдану арқылы оқушының сабаққа қызығушылығы оянды.</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="2" rowspan="2">Рефлексия<br>Сабақтың мақсаты мен оқу міндеттері орындалды ма?<br>Бүгін оқушылар не үйренді?<br>Сабақ қалай өтті, қандай деңгейде өтті?<br>Жоспарланған саралау жақсы іске асты ма? (тапсырмалар сәйкес болды ма?)<br>Уақытты қалай пайдаландым?<br>Жоспарыма қандай өзгеріс енгіздім және неге?</td>
<td colspan="7">Бүгінгі сабақ өте керемет өтті деп ойлаймын. Оқушылар тақырыпты түсініп, әдістерді орындай алды. Арасында түсінбей қалған жерлері де болды, дегенмен оқушылар ендігі жолы мұндай қателіктер жібермейді деп ойлаймын. «Болжау», «Жеті қадам», «Хикая картасы оқушылар үшін өте қызықты болды. Сабақ жоғары деңгейде болды деп ойлаймын.</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="7">Уақыттың аздығына байланысты оқушылардың барлығы тапсырмаларға жауап беруге үлгермей қалды.  Сабақ әдістерін қысқарту қажет сияқты.</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="9">Қорытынды бағалау<br><br>Ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)<br>1: «Жеті қадам» әдісін оқушылар жақсы талдай алды.<br><br>2: «Хикая картасы» оқушыларға қызықты болды.<br>Қандай екі нәрсе немесе тапсырма сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізер еді (оқыту мен оқуға қатысты)?<br>1: АКТ технологиялар түгел болған жағдайда, бүкіл мүмкіндік болушы еді.<br><br>2:  Уақыттың аздығы<br><br><br>Осы сабақтың барысында барлық сынып немесе жекелеген оқушылар жөнінде келесі сабағыма қажет болуы мүмкін қандай ақпарат білдім?<br>1: Жазудың тарихын оқушылармен қосылып, өзімде жақсы меңгердім.<br>2: Әдістер оқушыларға қызықты болғандықтан, ендігі сабақта қажет болуы мүмкін.</td>
</tr>
</table>

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.